

«Ә.Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ

«Бір әкенің тәрбиесін, жүз мектепте бере
алмайды»

Ұлдар ұйымының жетекшісі :А.Орунбаев

2022 ж

“Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды”

Әр отбасы – жеке мемлекет. Бұл мемлекеттің іргетасын қалаушы, оны басқарушы, отағасы – әке. Отбасының рухани, материалдық жағынан құлдырамай, мықты болуы әкеге байланысты. Ұлы күш пен сабырлықтың иесі болып табылатын – әке. Әке өсиеті мен тәлім-тәрбиесінің маңызы ерекше. Қанша дегенмен, жүрегі жұмсақ аналарымыз кейде тым еркелетіп жібергендіктен әкенің салмақты сөзі ауадай қажет болып жатады.

Әке әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Отбасындағы бала тәрбиесінде әкенің орны ерекше. Әке үйі барлық балалары үшін «үлкен үй», «қара шаңырақ» деген киелі ұғымдармен сыйлы да құрметті. Әке тәрбиесі арқылы, ұл мен қыз балалардың өздеріне тән мінез-құлықтарын ерекше сергектікпен қалыптастыратындығы да анық. Әсіресе, ұл бала үйдегі де, сырттағы да ер адамға қажет тағылымдарды, көбінесе әкесінен үйренуге ұмтылады. Сондықтан да, әке тәрбиесі дұрыста, мейірімді болу керек. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», – деп бекер айтпаса керек. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер-білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой», – деп мадақтайды. Отбасында ұлдар әкелері немесе аталарының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өскен.

Шығармашылықта, ақындықта танылған жас баланың тәрбиесіне аса назар аударылған. Ата өнерін ұрпағының қууы, оны мирас етуі қазақ отбасыларында жиі кездесетін дәстүр.

«Әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оны жақсы тәрбиелеуі» дей отырып, баласын оқытып, күнін көре алатындай мамандық иесі етіп қалдыру, балаларды жақсы көріп, оларға көңіл бөлу, үйленер жасқа келгенде баласын үйлендіру, баласына ат қою, баласын сау етіп өсіру – бұлар әкенің басты міндеттерінің бірі.

Кей уақытта бала әкесіз өсіп, анасының тәрбиесінде болады. Алайда, баланың жігіт болып өсуі немесе қызға тән кейбір қасиеттерін бойына жинап өсуі де осыдан. Баланың өмірінде болып жатқан әр түрлі жағдайлардың бәрі баланың ақыл-ой, санасына байланысты. Дегенмен, дұрыс бағытқа бағдарлау көп жағдайда әкеге байланысты. Ары қарай өмір теңізінде кез болар қиындыққа төтеп беру де, суға кету де осы бағыттың нәтижесін бермек.

Соңғы уақытта көпшілік әке тәрбиеден шет қалуда. Баласының тәрбиесін анаға жүктеп қою жиі кездеседі. Мектепке жиналысқа баратын да көбінесе ана, балаға бірнәрсе қажет болса, соны тауып беретін де – ана. Ал әке рөлі төмендеуде. Бұған бірінші себеп: жайбарақаттық пен жалқаулық. Осының салдарынан үйдегі әйелінің балалар үшін алатын жәрдемақысына немесе отбасында қария болса, соның зейнетақысына күнелтіп, үйкүшік, масыл болып отырған әкелер қаншама? Уақытын қалай өткізерін білмей, іші пысып, әр нәрсеге бір соқтыққан ер азаматта қандай бедел болсын. Оған деген жарының, балаларының құрметі де төмен болады.

Ішіп алып тентіреп көше кезген әкенің теріс тәрбиесінен балалардың да болашағына балта шабылады. «Алма алма ағашынан алысқа түспейді», – дегендей, осы сорақы қылықты көріп өскен бала ертең оны қайталайды. «Әкем ішеді, неге маған да ішпеске» деген ой ішкі түйсігінде қылаң беріп тұрады. Ал ішімдіктің салдарынан қаншама отбасы ойран болып жатыр. Өйткені, отбасының діңі, темірқазығы – ер адам. Үй-ішінің жайлы өмір сүруі, бала-шағаның тәртіпті болып өсуі – отағасының ақылы мен еңбекқорлығына байланысты. Әйел қанша табыс тапсын, онымен ол кейбір жыртықты жамауы мүмкін, бірақ отбасының көсегесін көгерте алмайды. Ал еркектің тапқан кішкене нәпақасының шаңырақтың шаттығын асырып, іргелі іске жұмсалып жататындығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Сондықтан әйел үйішінің берекесін келтірсе, сол берекеге берік негіз қалайтын ер адам екенін ұмытпайық. Әке мықты, көрегенді болса, одан тамыр тартқан бала да жалынды, жігерлі, мәрт жүректі болып өсері хақ. Адам баласы – Алла Тағала жаратқан жаратылыстың ішіндегі ең ұлысы. Олай болса, осы адамзат ұрпағы Хақ Тағала ата-ана дәнекерлігімен көбейткен. Кез-келген адам үшін дүниеде ең қымбат жандар – туған ата-анасы. Бұл қымбатты жандарды Алла Тағаланың Өзі аяттарда дәріптеген. Демек оларға құрметпен, жауапкершілікпен қарау міндеті балаға жүктелген. Сондықтан да Ұлы Жаратушы ата-анаға лайықты

дәрежеде құрмет пен жақсылық жасауды Өзінен кейінгі кезекке қойған. Аяқ киімін киіп, үлкендігінен сүрініп жығыласың, Көзілдірігін тағып: «Мен әкемін», дейсің, Мәшинесінің кілтін қоймай сұрап алып, рөлге қолың тигенде өзінді үлкен сезінесің, Болмайтын сұрақтар қойып, мазалайсың, Жұмыстан шаршап келгенде алдынан шығып: «Маған не әкелдіңіз?» дейсің, Күннің ыстық-суығы мен жол кептелістері болдыртса да дүкенге шығып, өтінішінді орындауға тырысады, Өзге балалардың алдында онымен мақтанасың, Ал, бүгін... «Ескі мода» деп киген аяқ-киімін кимейсің, Көзілдірігіне мүлдем көз салмайсың, Кезінде достарыңның алдында мақтанған киімдерін, тұтынған заттарын, мәшинесін қазір менсінбейсің, жүріс-тұрысын, қылықтарын жақтырмайсың, оны достарыңа көрсетуге намыстанасың, Кешіксең уайымдайды, уайымдағанын саған білдірмейді, телефон соқса ренжисің, кеш келсең жанашырлықпен ұрсады, жауап қайтарасың, даусыңды көтересің, үнсіз қалады, сенен қорыққаннан емес, күтпеген соққы алғандай әсерде қалады, Кеше бала едің, мойнына көтеретін, бүгін сен одан биіксің (ұзынсың), Кеше сөздерден қателесіп, әріптерді шығара алмайтын едің, бүгін әкенді сөзден шатастырып сөз қайтарасың, алдын орайсың, Ұмыттың, қанша жиренсең де ол сенің әкең! Балалығыңды, білместігіңді, тентектігіңді көтеретін, бүгін оның қарттығын, аурушандығын көтер, Тоғыз ай бойы дүниеге келгеніңді күткен еді, туылғаныңда қуанышпен қарсы алып еді, енді оған қабақ шытып, кетуін қалау көргендігіңнің дәлелі емес. Болып-толып, өскендігіңнің белгісі емес. Байқа!... Әке-шешеге не істесең – бала-шағаң саған соны істейді. Адам ата-анаға көрсеткен ісінің пайда-зиянын бұл дүниеде көрмей өмірден өтпейді!

Психологтар бала тәрбиесінде, әсіресе ұл баланың келешегіне әкенің ықпалы қажет екенін айтады. Ол үшін әке ұлымен сәби кезінен бастап дос болуы керек: «Әкесіз өркениет жоқ. Осы себепті әкелер қоғамдағы өз орындарын қайта иеленулері қажет. Қоғамның құрылуы әкелерден басталады. Оны шешудің бірнеше жолы бар: отбасы проблемалары бойынша зерттеулер жүргізу; қоғамдағы ерлердің рөлін әке ретінде де, азамат ретінде БАҚ, кино арқылы арттыру; бала бойындағы тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруда әкенің рөлі жоғары екенін көрсету; психологиялық тұрғыда үлгі тұтуға болатын отбасыларды насихаттау; «Жас отбасылар мектебі», «Болашақ әкелер мектебі» т.б. курстарын ашу керек». Сонымен қатар сарапшылар отбасылық құндылықтар, шаңырақтағы отағасылардың міндеті мен мақсаты, аналық міндеттер, бала тәрбиесі, аталар мен әжелердің рөлі т.б. туралы газет-журналдар шығаруға ұсыныс айтты. Қазақстанның Психологтар ассоциациясының өкілі Нина Настичтің мәлімдеуінше, халықаралық статистикада Жер шарында бақытты адам жоқтың қасы. Бақытты болудың шарттары бала бойына бесіктен сіңуі қажет. Сондықтан ұл мен қыз тәрбиесінің екі түрі болуы керек: «Қазіргі қоғамда отбасылық, білім, тәрбие, медицина, ғылым т.б. салаларда дағдарыс байқалады. Ал дағдарыс дегеніміз отбасылық тәрбиеден басталады емес пе? Адамдар арасындағы қарым-қатынаста өзіншілдік шарықтау шегіне жетті. Бірақ өзіншілдік адамдардың белгілі бір деңгейге дейін жетуіне үлкен ықпал етеді, сол үшін де қажет. Еркектердің тәрбиесіндегі маңызды жайт: 0-3 жас аралығында балаға әке қажет емес, 3-8 жас аралығында әке баланың сенімді досына айналуы тиіс, 7-18 жаста – тәлімгері, 20 жастан кейін баланы тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ол – ендігі дайын өнім. Оны өзгерту мүмкін емес».

Аға – бір әке-шешеден туған (немесе бір рудағы ағайын-туыстың) жасы үлкен жігіт. Ағаның жөні де, жолы да үлкен деп есептеледі. Жасы кішілер аға алдында әдеп сақтап отырғаны жөн. Олар жұмыс істеп жатса, «жастар: «Мен істейін», – деп қол ұшын беруі керек. Аға – жасы кішілер үшін айбар, қорған, сүйеніш әрі мақтанш.

Іні – бірге туған ағайынды адамдардың ер жынысты жасы кішісі. Оның жасы кіші болғандықтан жолы да кіші болады. Ол аға, апа алдында кішілік міндетін түсінуге, мойындауға тиіс. Ағайындылар бас қосқанда жеңіл-желпі жұмысты іні атқаруға тиіс. Іні – аға мен апаның ізбасары, сүйеніші, қоланаты, сенімі, үміті. Ескере жүретін бір жай – інінің баласы ағаға бала болады, ал сол балалар інінің апасына іні болып қала береді.

Әке – ұрпақ иесі, панасы, айбары, үй басшысы және асыраушысы және тәрбиешісі. Жеті атадан санағанда екінші ұрпақ. Ол тек бір отбасы ғана емес, ауыл, ру қамқоршысы, үлкен-кішіге бірдей азамат, ел ағасы ретінде көрінеді.

Әр отбасы – жеке мемлекет. Бұл мемлекеттің іргетасын қалаушы, оны басқарушы, отағасы – әке. Отбасының рухани, материалдық жағынан құлдырамай, мықты болуы әкеге байланысты. Ұлы күш пен сабырлықтың иесі болып табылатын – әке. Әке өсиеті мен тәлім-тәрбиесінің маңызы ерекше. Қанша

дегенмен, жүрегі жұмсақ аналарымыз кейде тым еркелетіп жібергенде, әкенің салмақты сөзі ауадай қажі болып жатады.

Әке – әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Отбасындағы бала тәрбиесінде әкенің орны ерекше. Әке үйі барлық балалары үшін «үлкен үй», «қара шаңырақ» деген киелі ұғымдармен сыйлы да құрметті. Әке тәрбиесі арқылы, ұл мен қыз балалардың өздеріне тән мінез-құлықтарын ерекше сергектікпен қалыптастыратындығы да анық. Әсіресе, ұл бала үйдегі де, сырттағы да ер адамға қажет тағылымдарды, көбінесе әкесінен үйренуге ұмтылады. Сондықтан да, әке тәрбиесі дұрыста, мейірімді болу керек. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», – деп бекер айтпаса керек. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер-білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой», – деп мадақтайды.

Отбасында ұлдар әкелері немесе аталарының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өскен.

Шығармашылықта, ақындықта танылған жас баланың тәрбиесіне аса назар аударылған. Ата өнерін ұрпағының қууы, оны мирас етуі қазақ отбасыларында жиі кездесетін дәстүр.

«Әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оны жақсы тәрбиелеуі» дей отырып, баласын оқытып, күнін көре алатындай мамандық иесі етіп қалдыру, балаларды жақсы көріп, оларға көңіл бөлу, үйленер жасқа келгенде баласын үйлендіру, баласына ат қою, баласын сау етіп өсіру – бұлар әкенің басты міндеттерінің бірі.

Кей уақытта бала әкесіз өсіп, анасының тәрбиесінде болады. Алайда, баланың жігіт болып өсуі немесе қызға тән кейбір қасиеттерін бойына жинап өсуі де осыдан. Баланың өмірінде болып жатқан әр түрлі жағдайлардың бәрі баланың ақыл-ой, санасына байланысты. Дегенмен, дұрыс бағытқа бағдарлау көп жағдайда әкеге байланысты. Ары қарай өмір теңізінде кез болар қиындыққа төтеп беру де, суға кету де осы бағыттың нәтижесін бермек.